жердегі бірдей жапырақтарды табуды ұсынады. Педагог: «Келіндер, қай топ дұрыс жапырақтарды табатынын көрейік» дейді. Балалар іздеуді бастайды. Әр топтың мүшелері тапсырманы орындап, жапырақтары сәйкес ағаштың айналасына жиналады. Бірінші болып ағаштың қасына жиналған немесе көп жапырақ жинаған топ жеңіске жетеді.	- Әрине, балалар, гүлдерге ылғал - су керек. Адамдар оларды су құйғыштармен суарады. - Енді гүлге мұқият қарап, оның не екенін айтайық. Тәрбиеші сабақты, жапырақтарды, гүлдерді көрсетеді (гүлшоғыры, ортасы, балалармен бірге олардың түстерін анықтайды). - Енді біз суарғыштан барлық гүлдерді суарайық.	шапшандыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Санамақ арқылы бір бала тыңылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10 - ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек. Бірінші болып табылған бала, издесуге көмектеседі. Осылай ойын жалғасын таба береді.	Бірде - бірін жұлғызба, Қасындағы балаға. -Балалар, түймедақ гүлін білесіңдер ме? -Түймедақ гүлінің бейнесі қалай? -Түймедақ гүлінің ортасы күннің көзі сияқты сары әрі дөңгелек болады. -Ал, күлтешелері ақ, сары әрі екі жолмен орналасып келеді. -Және күй талғамайды, кез келген жерде өсе береді.	жалғасады. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру. Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» ролін орындайды. Еркін спорттық ойындар. Футбол. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін
"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке	Еңбек әрекеті: гүлдердің тұқымдарын қағаз қалташаларына жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру	Еңбек: гүл суару, арамшөптерді жинау. Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.	"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшандыққа, жылдамдыққа баулу;	

	өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу. Көңілді шыбындар Жан-жаққа ұшады. Өрмекші бұрышта Қармағын жаяды. - Көңілді шыбындар! Зуылдап ұшындар! Д. Ахметова. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.	бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. "Жұппен жарыса жүгіру" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша қолдарынан ұстасып жұппен жарыса шапшаң жүгіруді бекіту. Күнделікті белсенді қозғалтқыш қызметінің қажеттілігін қалыптастыру.		күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Еңбек: гүлдерді суарып, топырақтарын қопсыту. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: күрекше, қолғап. "Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.	меңгерту. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.				

	Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту. Еркін ойындар.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-аналар үшін кеңестер: «Баланың эмоцияларын түсіну және оларды дұрыс жеткізуге үйрету». «Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге баулу», «Достық туралы әңгімелер мен ойындардың тәрбиелік маңызы».



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы

Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.08.2026 ж. - 07.08.2026 ж. «Ас атасы – нан»

Педагогтің аты-жөні: Суйеуова К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	Алтын дән	Нан - дастархан байлығы	Нан болса ән де болады	Егіс алқабында	Жемістер мен көкөністер
Балаларды далада қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту.				
	"Саққұлақ" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту. Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе),	"Зоологиялық фриздер" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй	"Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ата" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің	"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту. Негізгі ойды дұрыс	"Сиқырлы таяқ" қозғалмалы халық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда тапқырлықты, ептілікті дамыту. Жас және орта жастағы балалар (40 адамға дейін) ойнайды. Ойнау үшін ұзындығы 1 м

	Еңбек: алаңды сыпыру. Мақсат-міндеттер: ересектерге саналы түрде көмектесуге дағдыландыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: аумақты тазартуда сыпырушыға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту. Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасауда жұмысты соңына дейін тиянақты атқаруға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: балалармен бірге гүлзарларды бақылау, жел сынған гүлдердің бұтақтарын кесу, майысқандарын көтеру. Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: кіші топқа ойыншықтарды жинауға көмектесу және оларды топқа апару. Мақсат-міндеттер: кішіге қамқор болуға, еңбекке саналылықпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.
Таңғы гимнастика	Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары (дене тәрбиесі) Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде. 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: тік тұрып, қолды белге қою; 1 - алға еңкею, қолдарды екі аяқтың ұшына тигізу; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.				

Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Таңғы асқа дайындық	(қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар) Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.				
Таңғы ас	Көркем сөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.	Көркем сөз Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін	Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында	Көркем сөз Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар, Тамақтан соң ойын бар. Өз бетінше және ұқыпты	Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс

	Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) Көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Нан қикымымен ауладағы құстарды қоректендіру және	Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау. (шығармашылық іс-әрекет) Наубайхана жұмысымен	«Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру. (шығармашылық іс-әрекеті)	«Жемістер мен көкөністер» фестивалі (шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы (қарым-қатынас іс-әрекеті)

әрекеті) Ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы» (шығармашылық іс-әрекет) Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар "Епті бол!" Мақсат-міндеттер: Балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыру; балаларда қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру; аяқтың	оларды сыртынан бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет) Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Ыбырай Алтынсарин "Бір уыс мақта"" Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені оқығанда мұқият тыңдап, сұрақтарға толық жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету; сөздік қорларын, тіл байлықтарын жетілдіру; диалог түріндегі сөздерді айта білуге дағдыландыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.	таныстыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру. (шығармашылық іс-әрекет) Сурет салудан ойын-жаттығулар ""Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт" Мақсат-міндеттер: Балаларды суретте үлкен, орташа, және кішкентай аюлардан композиция құрап, ертегі кейпін бейнелеуді үйрету; сурет салу үлгілерін (дөңгелек және сопақ пішінді) бекіту; оларды контурдан шығармай, пропорцияны сақтай отырып, «түрту» тәсілімен бояуды меңгерту; қағаз бетінде бағдарлау біліктіліктерін бекіту; қиялдарын	әрекет) Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Майя арасы" Мақсат-міндеттер: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту және бекіту, жәндіктердің атауларын, сыртқы белгілерін, олардың құрылымын бекіту; көру және есту қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жәндіктерге жақсы көзқарас қалыптастыру.	Жапсыру «Менің дәмді достарым» (шығармашылық іс-әрекет) «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру. Құрастырудан ойын-жаттығулар "Сикырлы орман." Мақсат-міндеттер: Үлгі бойынша құрастуруды үйрету, шығармашылық қиялын дамыту, «жоғары-төмен» және «үлкен-кіші» ұғымдарын ажырата білу қабілетін бекіту, табиғатқа құрметпен қарауға және оның сұлулығын сақтауға тәрбиелеу.
--	--	---	---	--

	ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру.	Музыкадан ойын-жаттығулар ""Қызыл телпек және қасқыр" шығармасы" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Серуенге дайындық	1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Күндізгі серуен	Тірі затты бақылау – бақаны бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бақа туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. - Бақаның қандай? Оның терісі қандай?	Инелікті бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: инеліктің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қатынасты	Құстарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды құстармен таныстыруды жалғастыру, олардың үйлерінің аттарын есте сақтау.	Қоңызды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: қоңызбен, оның өмір салтымен, тіршілік жағдайымен таныстыру. Бақылау барысы Қоңыздардың қалай	Сәбіз бен қызылшаны бақшада бақылау (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсаттар: көкөністерді өз бетінше салыстыру дағдыларын дамыту, толық талдау жасау қабілеттерін

- Оның басында не бар? Бақалардың неше аяғы бар? - Алдыңғы және артқы аяқтардың айырмашылығы неде? - Бақаның құйрығы бар ма? Дененің қандай ерекшеліктері оған суда жүзуге көмектеседі? Неліктен оның саусақтарында өрім бар? Неліктен оның көзі томпиған және олар оның басында орналасқан? -Бақаның терісі жұмсақ, жасыл түсті, оның тісі бар, олардың қосмекенділерге жататынын айқындау қажет, яғни ол суда да , құрғақта да өмір сүреді, бірақ уақыттың басым көпшілігін суда өткізеді - жүзеді, жерде секіреді, тамақтану барысында ол тілін бірнеше сантиметрге жібереді. Тілі сұйық кілегейімен жабылған, оған шыбын, масалар жабысады,	дамыту. Көркем сөз Ұзын құйрық инелік, Инелікке тимелік. Верталетты жасады, Инеліктен үйреніп. Педагог балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. 1. Жүрген ізін байқалмаған, Жүдеу қызым қайқаңдаған. (Инелік) 2.Төрт қанаты бар, Инедей денесі бар, Үлкен бақырайған көздері бар Бұл не екенін кім табар? (Инелік) - Неліктен инелік үлкен көзді және мұртшалары қысқа? - Инелік қай жерде тұрады? Ол не аулайды? - Ол не жейді? Инеліктің жауы бар ма? - Инелік туралы қандай тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер? -Инелік төрт торлы	Бақылау барысы Жазда құстар көп болатынына назар аудару, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар өз ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, құстар мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын байқау маңызды. Үлкен топ балаларының назарын жәндіктерді ұстап, қарлығаштар қаншалықты жылдам ұшатындығына аудару. Қарлығаштардың ұясын көрсетіп, олардың ұяға, балапандарға тамақпен	жорғалайтынын қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Қазақстанда 20 мыңнан аса түрлері кездеседі. Денелерінің ұзындығы 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаттарының бір жұбы мүйізденіп, қанат жүйкелері жойылып, қатты элитра деп аталатын үстіңгі қатты қанатқа айналған. Ол, негізінен, қорғаныш қызметін атқарады. Қанатының екінші жұбы жарғақты, біріншісінен ұзындау, тыныштық қалыпта ұзынынан және көлденеңінен бүктеліп үстіңгі қанаттарының астына жиналып орналасады. Ұшар алдында үстіңгі қанаттары көтеріледі де, астынан екінші жұп жарғақты қанаттары жазылып шығады. Жұмбақ Ұшқанда өлең айтады,	қалыптастыру; Көкөністердің өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктерді бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау; Адам еңбегіне саналы қарым-қатынас тәрбиелеу. Бақшада қандай көкөністер өсті? (Қызылша, сәбіз.) Көктеммен салыстырғанда өсімдіктерге не болды? (Жер бетінде жапырақтары өсті, ал жер астында — түйнектері.) Өсімдіктердің өсуіне не көмектесті? (Күн, ылғал, адамның күтімі.) Сәбіздің қандай ерекшеліктері бар? (Сәбіз — ұзынша пішінді, қызғылт сары түсті көкөніс, жасыл жапырағы бар.) Қызылшаның қандай ерекшеліктері бар?
---	---	---	--	--

күрттармен және шынжыр табандармен қоректенеді. Артқы аяқтары, алдыңғы аяқтарынан әлдеқайда ұзындау, сондықтан ол жүре алмайды, ол секіреді. Балаларға бақаның пайда әкелетінін атап өту: зиян келтіруші-шыбын-шіркейлерді жейді. Бақаның пайда әкелетінін, күрт құмырсқаларды жейтінін, өсімдік жапырақтарын және сабағын жейтінін атап өту керек. Мақал-мәтел Бақа батпағына Балық көліне. Көркем сөз «Бақа» С. Оспанов -Білесің бе, бақаны, Бақа деп неге атады? -Өйткені олар әрдайым, «Бақ-бақ» десіп жатады. «Бақалар» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Алаң	қанатты, іші ұзын жіңішке. Инелік тез, ептілікпен және жалтарып ұшады, ал оның руль тәрізді созылған денесі оған ұшуда қалаған бағытын сақтауға көмектеседі. Инеліктің үлкен көздері бар, олар оған жем іздеуге көмектеседі, ал мүртшалары қысқа, көрінбейді. Олар өз өмірінде үлкен рөл атқармайды. Инелік - жыртқыш жәндік. Ол шіркейлер, масалар, қоңыздармен қоректенеді, оларды табанды лаптар ұстайды. Күзде инеліктер құрғақ жапырақтардың астында жасырынып, немесе ескі шіріген ағаштардың қабығындағы тесігіне тығылып, көктемге дейін ұйықтайды. Дидактикалық ойын «Жұмбақтарға шешулер» (күрт-	қаншалықты келетінін айту. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіреді, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектеседі. «Дауысынан таны» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. Тәрбиеші құстарды атайды, балалар дауысын салады. Еңбек: ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге жауапкершілікке тәрбиелеу. "Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс	Қонғанда жер қазады, Мұны ойлап көріңіз Шешімін кім табады? (Қоңыз) Көркем сөз Қоңыз, қоңыз, қоңызым, Өрмелеген қоңызым. Қыбыр – қыбыр жүріспен, Қоңыздар қырға шығады. Қоңыз шықты ағашқа, Артында оның баласы. Күн шапағын шашады, Қоңыз үйге қайтады. Дидактикалық ойын «Сипаттама бойынша тап» (жәндіктер) (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға үйрету. Еңбек: ауладағы	(Қызылша — домалақ пішінді, қызыл түсті көкөніс, жасыл жапырағы бар.) Бұл көкөністерден не жасауға болады? (Салаттар, борщ.) Қызылша мен сәбіз қандай пайда әкеледі? (Оларда дәрумендер көп.) Зерттеу жұмысы: Сәбіз бен қызылшаның тұқымдарын анықтау (түсі, көлемі). Топта тұқымға отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу. Бақылау екі топ арасында сайыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін: әр топ өз көкөнісін қорғайды, оның жақсы жақтарын көрсетеді. Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге
---	---	---	---	--

бойынша алға секіре, төрттағандап қозғалуға үйрету, орыннан ұзындығына секіре білуге үйрету. Секірулерді табиғилық, жеңілдік және жаттығуларды орындауды дәлдік дегеніне жете жетілдіру. Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру. Мақсат-міндеттер: учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі	құмырскалар) Мақсат-міндеттер: жұмбақтарды шешуге талаптандыру, шешуін табу кезінде белсенді болу. Еңбек: гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа	қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Балалар "бірінші, екінші" болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. "Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады: Қасқыр түссе қораға, Ұстамас оны бола ма? Қол ұстасып тұрайық, "Қасқыр қақпан" құрайық. Берік қақпан сынбайды, Қасқырларды ұстайды. Қасқыр, қасқыр, келіп көр!	өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату. (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру. Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.	деген ұмтылысты дамыту. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу. *"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. *Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Асық тігіп ойнау" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимыл ептілігін дамыту. Балаларға ұлттық
---	--	--	--	---

бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)	тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.	Қақпан, қақпан, берік бол! Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді. Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді. Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды. "Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету. Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады. Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары	Жүргізуші «Таң атты!» дегенде балалар алаңға шығып, еркін қозғалады. «Түн батты!» деген белгіде бәрі қозғалысын тоқтатуы тиіс. Қозғалып қойған ойыншыны «жапалақ» ұстап алады. Ұсталған бала келесі «жапалақ» болады. Ойынды қызықтыру үшін екі «жапалақпен» де ойнауға болады. «Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды	ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. *Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Алшы» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимыл ептілігін дамыту. Балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. *Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Бес тас» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл шапшаңдығы мен ептілігін дамыту, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. Ойын бес кішкентай домалақ тас немесе бес
--	--	---	--	---

	Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. «Кім бұл тап?» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды, құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту.	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.	бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.	үйрету. Қауіпсіздікті ескеру. "Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.	асықпен ойналады. Еркін ойын: "Құмдағы суреттер". Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз. "Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі. Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады.
--	--	---	--	--	---

Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар

	Ас құралдарын дұрыс қолдану дағдыларын бекіту Көркем сөз Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Балаларда өзіне-өзі қызмет ету мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру. Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, үстелде тыныш отыруды, дұрыс қалыпты сақтауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан қосып же тоясың, Тәбетің де оянсын. Тойып алған балақай, Асыр салып ойнасын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Балаларды дастархан басында өзін дұрыс ұстауға, ұқыпты тамақтануға,, басқа балаларға кедергі жасамауға үйрету. Көркем сөз Үйрек берді тамақты, Балапанға га-га-га деп, Мысық жүрді соңынан , Марғауының мяу-мяу деп. Тамақтанды бәрі де, Тұрып-ап таң сәріден. Тек кішкентай балақай, Түк жемеді әлі де, Ассыз болмайды күнің, Ботқа жеші, кел күнім. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Балаларды өздігінен сүлгісін табуға, беті, қолын мұқият құрғатып, сүлгіні орнына ілуге тәрбиелеу. Көркем сөз Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын, суды аямай, Тазалықты ұғайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау. Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тындату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа). Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).				

	Аяқ массажы. Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (дене тәрбиесі)				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	"Не қандай болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау. Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ... Кең - өзен, жол, таспа, көше ... т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс айтылған сөз үшін бала жетон алады. "Экологтар" сюжетті-	"Менің сүйікті ертегім" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері. 1) Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту. 2) Шарты: педагог	"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды	Аз қимылды ойын: "Бауырсақ". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде үйлестіру мен кеңістікте бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту. Бұл ойынға арналған доп кез-келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды. Қатысушылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындықта тұрады. Шеңбердің ортасында жүргізуші	"Қонақ күту" сюжетті-рөлдік ойыны. (шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю). Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастархан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар.

рөлдік ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту. "Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша жануарларды тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.	балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады. "Қозы" аз қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны	нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. «Аспазшы» сюжетті рөлдік ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың түсінігіндегі аспазшы еңбегі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; адамның еңбегін бағалауға, еңбек құралдарын орынды пайдалануға, ойын желісімен нәтижелі қарым-қатынастырды құруға үйрету; байланыстыра сөйлеуді жетілдіру; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке,	орналасқан. Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне береді, ал жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты тегіс айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Сіз оны жай алып кете алмайсыз. Ал жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяғыңызбен, қолыңызбен ұстаңыз, шеңберден шығарыңыз, тіпті сәл тигізіңіз. Егер жүргізуші допты ұстап үлгерсе, ол доп оған тиген ойыншының орнын алады. "Бауырсақ" театрландырылған ойыны (саусақ театры). (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің	"Сүйікті ертегілер" үстел-үсті ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауға, зейінін, бақылауын, есте сақтауын үйрету. Қалаған ертегіні мазмұндау. Мақсаты: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу
---	---	--	---	--

	Барысы. - Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.) - Қоңыр, ұя, ыңғайсыз. (Аю.) - Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.) - Қу. (Түлкі.)	алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. Оригами: "Қоян". (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: гүлдердің, түрлі	еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Сандар әлемі" Мақсат-міндеттер: "Көп", "аз", "тең" сөздерін қолданып, заттар тобын салыстыру қабілетін нығайту; 9 саны туралы білімдерін қалыптастыру, екі кіші саннан сан құру; 9 санын тану және бейнелеу дағдыларын дамыту; алға және артқа қарай санау қабілеттерін қалыптастыру; жолдастарын тыңдай білуге тәрбиелеу. Артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттер: артикуляция, тыныс алу жүйелерін жетілдіру. "Сағат" - тілді ақырын, оңға, солға жылжыту керек. Санау, содан кейін 15-20 рет қайталау	және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту. Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері(қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері. Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту. Ойын ережесі: 7 бала ойнайды, жетекші ересек адам. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындалу ретін анықтайды Ойын әрекеттері: Ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен	сапасына көңіл аудару.
--	---	---	--	---	-------------------------------

		андардың, құстардың пішіндерін қағаздан бүктеуге мүмкіндік беру. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.	керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып және тілді кең ашып, төменгі иекті басып, тілді таңдайға ұстау. Жеке жұмыс: жануарларды мүсіндеу. Мақсаты: ой-қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту.	аулақ кетті. Бір түлкі оны алдап жеп қойды. "Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар.	
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. 1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.				
Серуен	Бақшадағы сәбіз бен	"Ағаштар мен бұталарды	Жәндіктерді бақылау.	Ауладағы өсімдіктерді,	Топырақты бақылау.

Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Гигиеналық дағдылар Өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. Көркем сөз Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Гигиеналық дағдылар Қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. Көркем сөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың.	Гигиеналық дағдылар Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастырыңыз: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.) Көркем сөз Жылы сумен қолымды, Тазалап мен жуамын. Қолыма алып сабынды, Алақанды жуамын.	Гигиеналық дағдылар Үстел басында тыныш отыру әдетін қалыптастыру Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын!	Гигиеналық дағдылар "Тазалық-денсалық кепілі" қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. Көркем сөз Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің.

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	"Хан "алшы"" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойшылдыққа, тапқырлыққа, дәлдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қол моторикасын, дене тепе-теңдігін жетілдіру. Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық - "хан" асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк,шік,тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, шығармашылық іс-	"Орамал тастамақ" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді. "Шырмауық" қимылды ойыны.	Тақия тастамақ" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез	"Күш сынаспақ" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқстырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. "Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуді, монологты байланыстырып құра	"Соқыр теке" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Дене бұлшық етін дамыту; ойын шартын бұзбай ойнай білуді жетілдіру. Ойынға керекті құралдар: көз байлайтын орамал. Ойынның шарты. Балалардың арасынан санамақ арқылы бір бала таңдалып алынады. Оның көзін орамалмен байлайды да, беске дейін санап айналдырады. Сөйтіп, соқыр теке басқа балаларды ұстауға кіріседі. Егер соқыр теке балалардың біреуін ұстап алса, сол бала соқыр теке болады. Сондықтан балалар соқыр текеге ұсталмауға тырысады. Солай ойын жалғасын табады. Боямақ суреттермен
--	---	---	---	---	---

	әрекет) «Театр» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адам өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмер, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында түсініктерін тиянақтау; бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас құру дағдыларын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларға ойын шартын түсіндіру. Ойынды аяғына дейін тиянақты ойнауға үйрету. Ойын шарты: Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айыбын өтейді.	тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. "Дауыста, атыңды айтамын" ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Балалардың коммуникативтік дағдыларды дамыту; адамгершілік құндылықтарға баулу. Қимылдарды үйлестіре білуді жетілдіру. Ойыншылар қол ұстасып шеңбер құрады. Ортада көзі байланған бір ойыншы тұрады. Ол қолындағы таяқты шеңбердегі ойыншылардың біріне ұсынып: «Дауыста, атыңды айт», дейді. Таяқ алған ойыншы даусын өзгертіп сөйлейді. Көзі байланған ойыншы оның атын табуға тырысады. Егер дұрыс тапса, екеуі орын	білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. Эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру. Балалардың көңіл күйін келген кезде сұрату. Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау.	жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару.
--	--	--	--	---	---

			ауыстырады. Таппаса, келесі ойыншыны тексереді. Үш рет қате тапса, ойыннан шығады.		
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру(мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. 1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып тандайды.				
Серуендеу	Тотықұсты бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құстардың сыртқы түрін қарастыру; жабайы табиғатта таралуы мен өмір салтын білу Жұмбақ жасыру Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап, Басына бөрік киер, құндыз ұстап. (Тотықұс) – Көне, біздің табиғат бұрышындағы тоты құсқа назар аударайық... Назарларын тотықұсқа аударады.	Мысықты бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мысық үй жануарлары, сүтқоректілер және белгілі бір ерекшеліктерге ие екендігі туралы білімдерін бекіту;жануарларға деген ізгілік сезімдерін тәрбиелеу Бақылау барысы Педагог балалардан жұмбақ сұрайды, жауап беруді ұсынады сұрақтарға.	Итті бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: иттің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу Бақылау. Ит қандай? Ол қайда тұрады? Ол не жейді? Итке кім қарайды? Ит - адамның адал досы. Қазірдің өзінде иттер үйімізді күзетіп, достық ниетінен таймай келеді. Олар бізге адал, ал біз оларға дос бола алып жүрміз бе? Ит	Балықтарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың балықтар туралы түсініктерін кеңейту, бақылау жүргізе білуді дамыту, талдау, қорытынды жасауға үйрету. -Ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? -Балықтардың басқа жануарлардан айырмашылығы неде? -Балалар балықтың денесі 3 бөліктен тұрады. Олар: Бас, кеуде және құйрық. - Енді балалар аквариумға	Бақылау «Балықтар қалай тынығады?» (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Балаларға барлық тіршілік иелері сияқты тыныштық пен ұйықтау, олар шөпте, түбінде қозғалмай тұрған кезде, көздері ашық қалады деген түсінік беру, өйткені балықтарда қабақтар жоқ, бірақ сонымен бірге балықтар ұйықтап жатыр және ештеңе көрмейді; балықтар ұйықтап жатқанда, оларды мазалаудың қажеті жоқ -

Балалардан тотықұс туралы білетіндерін сұрау. Балалардың жауаптарын тындап болған соң, тотықұс туралы ақпарат беру. Тотықұс-құйрығы қысқа, түрлі түсті құс. Ол Африка, Америка және Австралияда тіршілік етеді. Адамдар оны қолға үйретіп, торда ұстайды. Сөйлейтін тотықұстар да бар. Олар сенің айтқаныңды қайталайды. Тотықұстың қанаттарын, тұмсығын, аяқтарын көрсетіп, олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Мысалы, қанаттары ұшу үшін, тұмсығы қорегін шоқып жеу үшін, аяқтары жүру және бұтаққа қонып отыру үшін керек. Кәне, тотықұсқа жем беріп, ол жемді қалай шоқып жейтінін көрейік. Тыйым сөздер айту 1. Құстардың ұясын бұзуға болмайды.	Жұмбақ Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. (Мысық) Көркем сөз Сағат сегіз таянды Тарғыл мысық оянды. Жатпайды ол ерініп, Мысық бойын жазады. Созылады керіліп, Аяқ-қолын созады. Дағдысы оның солай-ды Елден бұрын тұрады. Беті-қолын жуады, Жұмайды-ау – жалайды. (М. Әлімбаев) - Неліктен мысық үй жануары, үй мысықтары неге ұқсайды? Мысықтар не жейді? Мысықтардың балалары қалай аталады? Сіз мысықтардың қандай тұқымдарын білесіз? Мысықтардың адамдарға қандай пайдасы бар? Үй мысығына қандай жабайы аңдар жақын туыстар? Мысықтың	туралы не білеміз? Ит иесін көргенде қуанады, құйрығын бұлғаңдатып, артқы аяғына тұрады. Адам итті жібінен ұстап далаға қыдыртады. Даладан келгеннен кейін аяқтарын жуады. Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді. Ит ет, балық, құс етін және құрғақ жем жейді. Иттің сүйікті тамағы, ол сүйек. Мысық пен ит бір – бірімен дос емес. Жұмбақ жасыру. Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті - қолын жуады. (Мысық) Лағымның құлағы селтиіп тұрады, Қозы көрсе болғаны, оны тұра қуады. (күшік) Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі	қарандаршы, қандай балық жүзіп жүр? -Дұрыс айтасындар, аквариумда алтын балық жүзіп жүр. Сендер алтын балық туралы білесіндер. Бүгін бізге Алтын балық қонаққа келді. - Балалар қарандаршы, аквариумдағы балықтар мен Алтын балықтың қандай ұқсастықтар бар? - Дұрыс айтасындар, балықтар осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады. Жүзуге арналған қанаттары қалай орналасқан? - Балалар енді балықтың бас жағына назар аударындаршы, бүлк-бүлк етеді. Бұл –балалар балықтың желбезегі. Олар осы желбезегі арқылы демалады. Аквариумда өсетін балықтар өзен-көлдерде тіршілік ете алмайды, себебі оларды басқа үлкен балықтар жеп қоюы мүмкін. Аквариумдағы балықтар	аквариум жанында шу шығару. Жұмбақ жасыру Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ (балық). Тәрбиеші балаларды кешкі уақытта аквариум жанына шағылыстырғышты қосып, су тұрғындарының не істеп жатқанын бақылап, айтып беруді ұсынады. Тәрбиеші: «Енді біз бәр жерді қараңғылайық, балықтар тынышталып, ұйықтасын. Содан кейін бір-бірлеп аквариумға жақындап, олардың қалай ұйықтайтынын бақылайық». Содан кейін олардың барлығы байқаған нәрселерін бірге талқылайды. Тәрбиеші балықтар да адамдар сияқты ұйықтайды, тек көздері ашық, өйткені олардың қабақтары жоқ дейді. Кейде балықтар күндізгі уақытта
--	---	--	--	--

2. Торғайларды таспен атуға болмайды. Бұйра тотықұстың Отаны – Аустралия. Жабайы табиғатта олар топ болып өмір сүреді. Үй жағдайында торда асырауға болады. Біздің елімізде бұйра тотықұстар - жүй құстары болып саналады. Тотықұстарды циркте, хайуанаттар бағында, мультфильмдерде көруге болады: «38 тотықұс», «Адасқан тотықұстың оралуы» -Бұйра тотықұсының өмір салты қандай? -Тотықұсты қалай тамақтандыруға болады? - Тотықұстың әдеттері. "Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға	жыртқыш жануар екенін дәлелде. Иттер мен мысықтардың қабілеттері мен темпераментін салыстыру. - Мысық туралы қандай әндер, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер? "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық,	екен. Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды күзетеді. Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтып берейін. Иттің ерлігі әңгіме оқу. - Баяғыда кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың оншақты қойы болыпты. Қой бағып күндерін көреді екен. Бір күні қойға қасқыр шауыпты. Түнде келіп бір қойын жеп кетіпті. Кемпір мен шал «не істейміз» деп уайымға батыпты. Ойланып отырғанда үйдің қасынан бір ит өтіп бара жатады. Шал иттен ақыл сұрайды.- Ит: «Олай болса, қойларыңды мен күзетіп көрейін»- дейді. Түнде иттің ырылдаған дауысынан, кемпір мен шал далаға шығады. Қараса қойларға келген қасқырды ит сезіп, үріп	да еркіндікті сезіну үшін, оларға жағдай жасау керек екен. Ол үшін біздер аквариумға нелер орналастыруымыз керек? (тастар, құм, өсімдіктер. Арнайы өсімдіктер орналастыруымыз керек). Жарық жақсы түсетін аквариумдардың тең жарымына өсімдік отырғызуға болады. Балалар шыны ыдыстағы шілтер құйрық және аквариумдағы алтын балықты бақылап олардың қозғалысына мән береді. -Арқасында, іш жағында қанаттары бар. Аузы, қабықтары ұқсайды. -Кішкентай балықтар суда аквариумда болады. Олар-өзен- көлдерде тіршілік ете алмайды. Себебі, қоректерін тауып жей алмайды. "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта	демалады, бұл кезде оларды алаңдатпау керек, аквариум жанында шу шығарудың қажеті жоқ. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді,
--	---	--	---	---

мүмкіндік беру; жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында «тауық қора», ал қарама-қарсы бетінде «түлкінің іні» белгіленеді. Бір бала – түлкі, қалғандары – тауықтар мен балапандар. Жүргізуші: «Тауықтар, жем шаштым!» дегенде, тауықтар алаңда еркін қозғалып, жем шоқиды. «Түлкі!» деген белгі берілгенде, түлкі інінен шығып, тауықтарды қуады. Тауықтар қораға қашып үлгеруі керек. Түлкі қолмен тигізген баланы ұстап алады. Қора сызығынан өткендерді ұстай алмайды. Ойын бірнеше рет қайталанып, түлкі әр жолы қайта таңдалады. "Бояулар" қимыл-	Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. "Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз	жатыр екен. Содан бастап қойларына қасқыр жоламайтын болыпты. Кемпір мен шал итке рахметін айтып «сен бізбен бірге тұр, біз саған жылы үйшік жасап берейік»- дейді. - Ит: Жарайды мен онда, қойларың мен үйінді күзетейін,- дейді. Ит осылай ерлік жасап, адамға дос болыпты. "Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Балалар "бірінші, екінші	мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай, желісіне белсенді қатысуға бейімдеу; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімділікке баулу. Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». Қойшының көзі байланады. Алаңның бір шеті «қой қора» болады. Жүргізуші қойшыдан: «Қойшы, қанша қадам бересің?» деп сұрайды. Қойшы белгілі бір сан айтады. Сол қашықтықтан ол: «Менің табыным қайда?» дейді. Қойлар «мә-мә-мә» деп дыбыс шығарып, кейін тынышталады. Қойшы дыбыс арқылы оларды іздеп, біреуін ұстап алуға тырысады. Ұстаса, «қойым, өзіңді ата» дейді. Қойшы баланы	ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай
--	--	---	---	--

	қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.	бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу.	болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. Қасқыр түссе қораға, Ұстамас оны бола ма? Қол ұстасып тұрайық, "Қасқыр қақпан" құрайық. Берік қақпан сынбайды, Қасқырларды ұстайды. Қасқыр, қасқыр, келіп көр! Қақпан, қақпан, берік бол! «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.	даусынан таныса, ол бала жаңа қойшы болады. Тани алмаса, ойын сол қойшымен жалғасады. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.	жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу.
Кешкі ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Тәрбиеші мен	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін				

балалардың еркін әрекеті	қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. (шығармашылық іс-әрекет, музыка) Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту. Еркін ойындар.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	«Балалардың шығармашылығын дамыту» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған кеңес тақырыптары: Кітап оқу мен ертегінің шығармашылыққа әсері. Музыка мен өнердің бала дамуына ықпалы. Отбасындағы қолайлы психологиялық ахуал және шығармашылық. Баланың жетістіктерін қолдау және ынталандыру жолдары. Ата-аналармен кездесулердің тақырыптары: «Шығармашыл бала – табысты тұлға»; «Баланың шығармашылық әлеуетін ашу жолдары».

БЕКІТЕМІН
Гаухар-Тас жекеменшік балабақшасының
менгерушісі:  Г.Куршенова



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.08 -28.08.2026ж «Ғажайып әлемінде»
Педагогтің аты-жөні: Суйеуова К.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	«Балабақшам өз үйім»	Менің сүйікті кейіпкерім	«Бір, екі, үш - бойға жинап күш»	Менің Қазақстаным	«Балабақшам өз үйім»
Балаларды далада қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту.				
	Көркемсөзді оқу жаттығуы (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Мұзафар Әлімбаев «Біздің балабақшада». Балабақша есігін Үшке тола ашқанбыз, Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл – екінші үйіміз,	Көркемсөзді оқу жаттығуы (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Д. Әбілев «Орман». Көк бояқ орман Бұтақтарына әнші құстар қонған, – Қарасаң оған, Оңнан, солдан Түстіктен, шығыстан –	Қимылды ойын «Аралар» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Ойдан сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Ойын шарты. Бір топ бала қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады да үш - төрт бала ортаға шығады. Олар аралар:	"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны. (танымдық іс-әрекет, зерртеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын	Қимылды ойын «Ұшты - ұшты» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез

	Еңбек: учаскедегі ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: ортақ іске қатысу, істі соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: гүлзарды жұқарту. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді күту дағдыларын бекіту, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту. Мақсат-міндеттер: қопсытудың не үшін қажет екенін түсініп, жұмысты тиянақты жасауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге деген қамқорлықты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: сөрелер мен терезе алды тақтайларын дымқыл шүберекпен сүрту. Мақсат-міндеттері: балаларда тазалық сақтауға дағдылануын дамыту және қолдау, сумен жұмыс істеу ережелерін сақтау; еңбекқорлықты, басталған істі соңына дейін жеткізе білу қабілетін тәрбиелеу.
Таңғы гимнастика	Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары (дене тәрбиесі) Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары кешені. "Қара жорға". 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшак, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшак, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшак, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшак, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). 5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшак, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).				

	6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Таңғы асқа дайындық	(қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар) Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.				
Таңғы ас	Көркем сөз Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында	Көркем сөз Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға	Көркем сөз Мүйізді ешкі келеді, Балаларға ереді. Сүт ботқаны жемесең, Келіп сені сүзеді. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға	Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану	Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.

	тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу. Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	«Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.	Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; серуен кезінде аулада қарапайым	Менің Қазақстаным Туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдынала	"Қозы" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші

сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу. (шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар ""Өзімшілдің өкініші" Салиха Сәмбетова" Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойларын айта білу; басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сөздік қорларын молайту; достыққа, татулыққа тәрбиелеу; жақсы және жаман іс-әрекеттерді бір-бірінен ажырата алу дағдыларын жетілдіру.	еңбекке баулу, бірге еңбектену; «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Менің достарым" Мақсат-міндеттер: Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.	әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату. Тіл дамытудан ойын-жаттығулар "Тату доспыз бәріміз. (әңгіме құрату)" Мақсат-міндеттер. «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру; ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру; бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Тату балалар" дене мүшелерін орналасуын, қозғалысының бағытын	топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді. Жапсыру "Бақбақтар алаңы".
---	--	--	--	--

	секіру; гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; балаларда сап түзеуден төрт қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамыту. Шығармашылық уақыты: "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". (шығармашылық іс-әрекет) Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру.	жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық қабілеттерді дамыту.	түрлі техникаларды қолдану және акварель бояуларын, балауыз мелдерін, түрлі-түсті қарындаштарды біріктіре білуді үйрету; қарапайым қарындашпен нобай жасай білу біліктіліктерін, көру қабілеттерін дамыту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	сақтай отырып адамды мүсіндеу. Мақсат-міндеттер. Дене мүшелерінің, киімнің формасын сақтай отырып, адамды мүсіндеуді үйренуді бекіту; ұсақ бөлшектерді - көз, қас, ерін мүсіндеуді үйрену; алдыңғы сабақтарда үйретілген бөлшектерді қосу, жапсырылған жерді тегістеу тәсілдерін үйренуді бекіту; өз сезімдерін жеткізуді, достық туралы ойлауды кеңейту, балалардың мейірімділігі туралы түсінігін кеңейту.	Мақсат-міндеттер: Балаларға бірнеше рет бүктелген қағаз бөлігінен бақбақ гүлдерін қиып алу дағдыларын бекіту; бірігіп, ұжымдық жұмысты үйлесімді жасай білуге ынталандыру; ұқыптылыққа, табандылыққа тәрбиелеу; қайшымен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын қадағалау. "Арқан тарту" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнай білуді жетілдіру. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып
--	---	---	--	--	--

					тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Сөйтіп ойын кезекпен жалғасын табады.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.				
Күндізгі серуен	Жолжелкенді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік	Құстарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, дыбысына қарай ажыратуға үйрету. Экологиялық міндет: құстар жабайы табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру Көркем сөз	Арнайы көліктерді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту. Көркем сөз Үлкен болдым десем де, Ешкім маған сенбейді. «Жалғыз жүрме көшеде, Кішкентайсың сен»-дейді.	Тастарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. Балаларға сұрақтар.	Көгершінді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін пысықтау, адамның оларға қамқор болып, қорғау шаралары туралы түсініктерін жетілдіру. Бақылау барысы Педагог балаларға жұмбақтар жасайды,

қасиеті туралы білімдерін молайту. - Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен	Құстар, құстар келеді, Жерді шуға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жақсы хабар береді. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып	Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Сұрақтар. - Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) - Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.) - Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) - Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) - Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция.) Еңбек: тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау.	- Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? - Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) - Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) - Қатты тастарды атаңдар? - Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ - Неге? (ол жұмсақ, жұғады) - Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) - Көмір не үшін керек? (отынға) Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) - Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)	сұрақтарға жауап беруді ұсынады. Қанат қағып шарықтап, Мұхит асып қалықтап, Шарлап бүкіл әлемді, Шаттандырып әр елді Бейбіт күнге сән болған, Бұл қандай құс ән болған? (Көгершін) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) - Олар қайда тіршілік етеді? - Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? - Оларды кім қоректендіреді? - Көгершіндер қайда мекендейді? Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.
---	---	--	---	--

қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. - Балалар, мамыр айын халықта қалай атайды? (Шешек айы) - Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (Күннің көзі көп түскен жерде бар) - Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (Өйткені ло жер әлі салқын) - Мамыр айындағы жаңбырдан соң	айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бұйрықты тыңдай білуге үйрету; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар санамақ арқылы	Мақсат-міндеттер: жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де	Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) Еңбек: ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге үйрету, шығармашылық қиялын дамыту. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып,	Көркем сөз: Құстар менің достарым, Жемін, суын керекгін, Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін Үйшік жасай білемін. Олар мәз боп қалады, Ағаштарға ілемін. Шаттық әнге салады. - Қандай құстар алаңға келіп қонады? Зерттеу қызметі Кептер мен торғайды салыстыру Еңбек: балабақша аумағына жем салғыш ілу. Мақсат-міндеттер: еңбек әрекетін орындауға үйрету. Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыру, дәлдіктерін дамыту. Халық болжамы:
--	---	--	--	---

шөптерде қандай өзгерістер болады? (Олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) - Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (Жолжелкен) - Оны неге олай атаған? - Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: ойын алаңын тазалау. Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	«қаракұс» пен «тауықты» таңдайды. Қалғандары – балапандар, олар бір-бірінің белінен ұстап, тізіліп тұрады. Белгі берілгенде, қаракұс ең соңғы балапанды ұстап алуға тырысады. Тауық қолдарын жайып, балапандарын қорғайды. Балапандар тізбекті бұзбай, қаракұсқа ұстатпауға тырысады. Ұсталған балапан қаракұстың ұясына кетеді. Еңбек: алаңды жақсарту бойынша ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, топтық жұмыстың құндылығын көрсету. Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.	туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Жаттығу ойындары. Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру. Мақал: "Сақтықта қорлық жоқ".	жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншектегі қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Күркеге кім бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша жылдам жүгіруге жаттықтыру, жеңіске жетуге деген ынталарын арттыру. "Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.	- Құс жүнін үрпитсе, жауын болады; - Жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; - Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. "Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға
